

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2022 жылғы 23 мамырдағы № 91 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 4 маусымда № 28361 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 1-13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы 2-тармағының 7-3) тармақшасына сәйкес, Батыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Батыс Қазақстан облысының әкімі

Г. Искалиев

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
23 мамырдағы № 91
қаулысына 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.03.2026 № 68 қаулысымен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

		Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрлері				
		Айына бір тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құны (теңге)				
Елді мекен	Тәрбиелеушілер саны	10,5 сағаттық болу режимі бар топтар,	9 сағаттық болу режимі бар топтар,	Туберкулез, аллергия ауруымен ауыратын, к а н т диабетімен ауыратын, әлсіреген және жиі	10,5 сағаттық режимі бар	Толық емес күн болатын топта, жалпы білім беретін мектеп жанындағы

		оның ішінде шағын орталықтар	оның ішінде шағын орталықтар	ауыратын балалар тобында 10,5 сағаттық болу режимі бар	түзету түріндегі топта	мектепалды даярлық сыныбында
қала	22666	57 608	53 154	85 515	102 514	25 549
ауыл	12589	64 032	58 865	96 222	115 898	28 404

Батыс Қазақстан облысы
әкімдігінің 2022 жылғы
23 мамырдағы № 91
қаулысына 2-қосымша

Батыс Қазақстан облысы бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға ата-ана төлемақысының мөлшері

Ескерту. 2 қосымша жаңа редакцияда – Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 20.03.2026 № 68 қаулысымен (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі).

№	Аймақтың атауы	Айына ата-ананың ақы төлеу мөлшері (теңге)				
		Мектепке дейінгі ұйымдардың түрлері				
		Тәрбиеле- нушілер саны	Балабақша/ бөбекжай (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар толық күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Балалар жарты күн болатын шағын орталық (3 жасқа дейін / 3 жастан бастап)	Жеке меншік мектепке дейінгі ұйымдар (3 жасқа дейін/ 3 жастан бастап)
1	Ақжайық ауданы	1415	13500/14000	10000/10500	-	14500/15000
2	Бәйтерек ауданы	2048	19570/23140	19570/23140	-/11685	38600/39940
3	Бөкей ордасы ауданы	642	15800/16000	-	-	-
4	Бөрлі ауданы	663	17000/18000	-	-	-
5	Жаңақала ауданы	1020	12600/15750	12600/-	-	17346/17884
6	Жәнібек ауданы	696	13000/17000	-	-	-
7	Казталов ауданы	1597	14300/17300	10000/ 10000	-	12000/ 12000
8	Қаратөбе ауданы	745	19800/22000	-	-	19800/22000
9	Сырым ауданы	766	13783/17390	0/17390	-	18000/20000
10	Тасқала ауданы	658	17730/20895			16000/18000
11	Теректі ауданы	1770	16000/18000	-	-	18000/20000

12	Шыңғырлау ауданы	569	17695/21358	-	-	-
13	Орал қаласы	19950	19000/21000	-/18000	-	50000/50000
14	Ақсай қаласы	2716	24000/25000	-	-	50000/55000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК